

№ 13 дәріс

Тақырыбы: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Дәрістің мақсаты: Қазақ тілі емле ережелеріне қатысты ұсыныстары мен қазақ тілі орфографиясы негізгі ережелерінің графика-морфонологиялық сипаты туралы мәлімет беру. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне енгізілген өзгерістердің фонологиялық, семантикалық сипаттарымен таныстыру.

Дәрістің жоспары:

1. Қазақ тілі емле ережелеріне қатысты ұсыныстар (1940-1960жж.)
2. Қазақ тілі орфографиясы негізгі ережелерінің графика-морфонологиялық сипаты
3. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне енгізілген өзгерістердің фонологиялық, семантикалық сипаты

1. Бүгінде қазақ жазуы біршама тұрақтанған, қалыптанған, реформаланған дегенде оның ауыр жүгі қазақ тіл білімінің аға буынына батқанын сеземіз. Тұрақты емлесі жоқ жазу айналасы отыз жылдың ішінде 3 дүркін ауыстырылды (1912, 1929, 1940). Бірнеше рет емле ережелеріне реформа жасалды, алғашқы емле ережесі 1940 ж. жобаланып, 1957 жылы 5 маусымда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен бекітілуге дейін бүкіл филолог мамандар мен мектеп мұғалімдерінің, оқытшылардың, қалың көпшіліктің талқысына түсті. Баспасөз беттерінде пікірталастар ұйымдастырылды, жиналыстар шақырылды. Негізгі ережені барынша қалыптандырып, оның практикада сақталуына күш салынды.

Алайда бүгінде, қазақ жазуы түбегейлі латын графикасына бет бұрып отырған кезеңде, соған дайындық кезеңінде, ереженің олқы тұстарын қайта қарап, жетілдірер кезінде өткенге көз жіберіп, емле тарихындағы «еленбей»кеткен тұстарды екшеу, «қапыда жіберіп алған» жерлерімізді қайта жаңғырту міндетіміз. Себебі профессор Р.Сыздық айтқандай: «Екі көштің екеуі де көп дайындықсыз жедел жүрді. Соңғысына тіпті өрт алғандай кірістік. Егер күні бүгінге дейін емле айналасындағы дауымыз таусылмай келе жатса, екі жазудың екеуінің де ережелері бір емес, екі-үш реттен өңделген болса, сол өңдеулерден қалып қойған тұстарын қазір де байқап отырсақ, осылардың барлығы кезінде жаңа жазуларға түбегейлі дайындықсыз, ғылыми негіздерге сүйенген қағидаларға көп құлақ аспай кіріскеніміздің салдары, орыстың «авось»- ы сияқты, өзіміздің «көш жүре түзеледі»- ге салатын қазақы қимылымыздың салқыны».

Сөйтіп, орыс графикасы негізіндегі қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясының жобасы СССР Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының қазақ тілі секторы С.А.Аманжоловтың басшылығымен жасалды да, ғалым авторлығымен 1940 ж. латын графикасымен емле ережелері жарық көрді. Емле ережесінің тақылауға ұсынылған ресми нұсқасы 1953 ж. газет

бетіне жарияланды. 1957 ж. үкіметтің арнайы қаулысымен қабылданғанға дейін аталған жоба қалың жұртшылықтың талқысына түсті. Пікірталастар әсіресе «Қазақстан мұғалімі», «Социалистік құрылыс» мерзімді баспасөздерінде үзбей басылып отырды.

Кірме сөздер емлесіне қатысты мына пікірлер орыс жазуының ықпалынан шығып отырған дейміз: орыс сөздерін жазуда цитаталық принципті түбегейлі қолдану, оның ішінде әсіресе сол тілдің қосымшасын түсіріп жазбау: *секунда* (*се-кунд* емес), *цитата* (*цитат* емес) т.б. орыс тілі сөздеріне қазақ тілі қосымшаларын жалғауда *ы*, *і* әріптерінің дәнекерлігін орынсыз пайдаланбау: *фондқа*, *ирифтке*, *баикке* бұрыннан дыбыстық жағынан игеріліп жазылған сөздерді, түпнұсқасына көшіріп жазу: *ящик* (*жәшік* емес), *батист* (*бәтес* емес), *ботинки* (*бәтеңке* емес), *русь* (*орыс* емес), *суд*, *область* жіңішкелік белгісіне аяқталған сөзге тәуелдік жалғауының III жағын қосқанда, *ь*-белгісін түсірмей жазу: *рольі*, *контрольі* қосар дауыссызбен аяқталған орыс сөздеріне қосымша жалғағанда бір әріпті түсірмей жазу: *классқаа*, *конгресске* орыс тілінен енген сөздің соңғы буыны жуан болса, жуан, жіңішке болса, жіңішке қосымша жалғау; *h* әрпі қолданылған кірме сөздерді белгілеу үшін *х* әрпін *х* арқылы жазу; *миуа*, *қиуа* сөздерін *миюа*, *қиюа* деп орфограммалау; күрделі сын есімдерді бірге таңбалау; *орыс* сөзін *русь* деп алу (Ә.Ермеков); *ойөріс*, *атүсті*, *атсалысты*, *аяқкиім*, *жемшөп* т.б. сөздерді бірге жазу (Ә.Ермеков); орыс тілінен енген сөздерді бірыңғай түпнұсқа принципімен жазу (А.Ысқақов). Жеке дыбыс таңбаларынан пікірдің көбі *и* әрпінің емлесіне қатысты айтылған. Себебі 1956 ж. Тіл және әдебиет институты әзірлеген орфографияның жаңа жобасын талқылауға шақырылған жиналыста профессор М.Балақаевтың қосарлы *ый*, *ій* таңбаларының орнына *и* әрпін жазуды ұсынған пікіріне белгілі ғалым С.Аманжолов қарсы шығып, «Балақаевтың қазақ тіліне шабуыл жасауы» деп санауы, бұл орфограмманың негізді қалыптасуына кесірін тигізді. И дыбысы *ки* дегенде бір әріппен, *қи* дегенде екі әріппен (*қый*) жазылды. Барлық позицияда да *и* әрпінің қабылдануына сол жылдары оқу-педагогика баспасының редакторы болып қызмет еткен Р.Сыздықованың сөйлеген сөзі үлкен себеп болды дейді, газет тілшілері. Сөйтіп, біресе *ый* (*қыйын*), біресе *и* (*иық*, *гылми*), енді бірде екі варианты да қатар қолданылып жүрген (*қағида*//*қағыйда*) және жіңішке буында *и*-мен, жуан буында *ый*-мен берілген *и* әрпінің емлесі бір ізге түсіріле бастайды. Десек те, *йы*, *йі-ге* біткен сөздерге көсемшенің *й* жұрнағы қосылғанда, *йый* орнына бір ғана *и* таңбасын жазу: *үйиды*, *байиды* - *ұиды*, *баиды*, *и-ды* қосар таңбасымен қалдыру сияқты екі жақты пікірлер болды.

Ы, *і* әріптерінің емлесі жайында мынадай ұсыныс жиі кездеседі: сөз басында, екі буынды сөздер аралығында, сөз аяғында таңбаланғанда, сөз мағынасы бұзылмаса, *ы* әрпін жазбау: *жапрақ*, *топрақ*, *шаңрақ*, *қоңрау*.

Ал *ә*, *ү*, *ұ* әріптері орфограммасына қатысты бұл әріптер тек бірінші буында жазылады дегеннен соң *сірә*, *күнә*, *бұлбұл* сөздерін ескертуге шығармай (Т.Жанұзақов, Ғ.Сұлтанғалиев, Б.Нұрғазина), а-түрінде

зандастыру; а-ә, ү-ы әріптерінің орфограммасы күдікті болса, қосымша жалғап анықтау ұсынылды: *Кұлашқа, шайға, жайластыр*.

Ащы, кеше, тұщы сөздерін екі ш-мен беру ұсынған *я, ю* әрпін *миуа, қиуа, айуан* сөздерінде де қолдануды ұсынған пікірлер бар (Мұсабекова Ф. Сейтмұратов Б.).

Сондай-ақ, *х* әрпімен келетін сөздердің барлығын сөздіктер мен ережелерде арнайы көрсетуді (*құрмет-хұрмет, бұқара-бұхара* сөздерін жазуда да ала-құлалық көп) (Ш.Сарыбаев); және бұл таңбаны тек орыс тілінен енген сөздерде қолдануды ұсынатын, *h* әрпін әліпбиден шығару жағын қолдайтын пікірлер де болды. Ал *қазір, қайтіп, қадір* сияқты бейүндес сөздерді бірыңғай жуан жазу (Б.Нұрғазина); *к-г, қ-г, п-б* ұяндау процесін кірме сөздерде де пайдалану: *принцип-принцибі, альманах-альманахы, цех-цезы* (Б.Нұржекеев) сияқты пікірлер көңіл аударарлық.

Бірге, бөлек жазу проблемасына бірнеше мақалалар арналған. Оның ішінде мынадай ұсыныстарды атауға болады: жаңа сөзді бірден біріктіріп жазу (Ғ.Мұсабаев), біріктіру амалын сөзайналым процесі ретінде қарау, сондықтан, *аққұман, ақсаусақ, желөкпе* сияқты сөздерді бірге жазу, бір ұғым емес, бір заттың атауы болатын сөздерді бірге жазу, күрделі сапалық сын есімдерді бірге жазу: *қараторы, аққұба*, біріккен сөзді айтылуы бойынша жазу, соңғы сыңары тәуелдік тұлғада тұрған барлық сөздерді бөлек жазу (А.Абдрахманов), айтылуы бірдей, мағынасы басқа сөздерді екі түрлі жазу: *ұр да жық – ұрдажық* т.б. (Ж.Жолаев), «жеке мағынасын сақтап тұрған сөздерді біріктіруге әуес болмау», БС-ны кіріктіріп жазу (С.Жиенбаев.).

Жалпы алғанда, 40-60 жж. аралығында емлеге қатысты жарық көрген мақалалардағы пікірлер сипаты осындай болды. Біз мұнда оларға объективті түрде шолу беріп, ғылыми көпшілікке ұсынуды мақсат тұттық. Ал қандай орфограмманың заңдастырылуы негізді болар еді деген мәселеге келесі тарауша арқылы жауап береміз.

2. Қазақ тілі орфографиясы негізгі ережелерінің графика-морфонологиялық сипаты. ҚТОНЕ 1957 жылдың 5 маусымы күні Қаз. ССР Жоғ. Кеңесі Президиумының указымен қазіргі қолданып жүрген алфавит тәртібімен бірге бекітіледі. Жалпы білім беретін мектеп, селолық, жұмыс жастар мектебі 1957-1958 жж. бұрынғы ережемен оқытылып, 1958-1959 жж. жаңа ережемен оқытыла бастайды. Жалпы ҚТОНЕ-нің алғашқы нұсқасы 1953 ж. ереже негізінде жасалып, 1956 ж. «Қазақ алфавиті мен орфография ережелері» деген атпен шағын жинақ ретінде баспа бетін көреді. Мұнда соңғы нұскасынан Ереже тараулары мен §-тарында айырмашылық жоқ, тек ішінара мынадай өзгешеліктері бар: 1) *йы, йі* дыбыс тіркесіне біткен етісіктерге көсемшенің *й* жұрнағы жалғанғанда, бір ғана *и* жазылады: *баиды (байыйды емес)*; 2) қосарлы *ый* тек *сый, тый* сөздерінің негізгі түбірлерінде жазылады, бірақ оларға қосымша қосылғанда *и* әрпі жазылады: *сылық, сымды, тиылу, тияды, тый, сый* етістіктеріне *у* жұрнағы жалғанғанда, түбірдегі *ы* әрпі сақталады: *тый-тыю, сый-сыю*. 2) Етістіктің *ды, ді* жалғауы кейде ықшамдалып *д* болып жазылады; 4) *казак, чехославак, поляк* сөздеріне қосымша жуан жалғанады. Сөйтіп, мұндағы негізгі айырмашылық *и* әрпінің

орфограммасына қатысты болды. Біздіңше, *тыю, сыю* сөздеріндегі *ы* әрпінің емлесі сөздің дыбыстық құрамын анықтауға көмектсетін уәжді орфограмма: [*тыйуу*], [*сыйуу*]. Сондай-ақ, [*ый*] дыбыс тіркесінің *сый, тый* түбірі мен туынды түбірлерінде ғана жазылатын қазіргі емле ережелеріндегі кодификациясы негізсіз. *Сыық, сиыну, сиыр, сиыру, сия* сияқты түбір мен түбірлес сөздердің де жуан сингармотеммен оқылатынын сөз ішіндегі *ы,я* әріптері белгілеп тұрады. Сонда *сылық* [сыйлық] пен *сиыну* [сыйыну] сөздерінің жазылуы бір деңгейде болу керек. Дегенмен, осы көрсетілген ереже тұстары өңделіп, қазіргі қолданып отырған ҚТОНЕ 1957 ж. 5 маусымда түпкілікті бекиді.

Қазақ жазуының негізгі нормасы болып табылатын бұл ҚТОНЕ-нің түзілуіне тілдің қандай табиғаты негіз болды, емле принциптерінің қайсысы басым ұсталынды, жазуымызда графика ережелері көп пе, әлде орфография ережелері көп пе деген сауал айналасына пікірімізді жинақтап көрелік. Өйткені қазір бірді-екілі болса да, қазақ тілінің емлесі мен пунктуациясы орыс тілінің негізінде құрастырылған орыс жазуындағы емле принциптері көшірілген деген көзқарастар шығып қалып жүр (С.Шүкірұлы).

Ең алдымен біз ҚТОНЕ-нің орналасу ретіне қарай графикаға байланысты ережелер (әріптердің емлесі), морфологиялық ұстанымға негізделген ережелер (түбір сөздер, бөлек, бірге жазылатын сөздер, қос сөздер емлесі) қазақ тілінің үндесім және үйлесім заңына негізделген ережелер (қосымшалардың, шылау сөздердің емлесі), жазудың идеографиялық принципіне негізделген ереже (бас әріптің қолданылуы) Және техникалық ереже (сөздердің тасымалдануы) деп бөліп аламыз. Мұндағы графикалық ереже әліпбидегі 42 таңбаның дыбыстық мағынасын, олардың графикалық контекстегі жазылатын позициясын, кей позицияда нөлмен алмасып, түсірілетінін көрсетеді. Бұл §1-§16-қа дейінгі ережелердің графикалық деп бөлек қаралып отырғаны - бір жағынан бұларды стандарт орфограмма ретінде компьютер бағдарламасының орфографиялық өңдеуіне оңай енгізіп қоюға болатыны. Өйткені мұндағы әр әріп идеографиялық таңба ретінде нақты, қасаң түсіндірілген. Ал ескертулердегі (*ә, ұ, ү* әріптерінің 2 буында жазылуы және т.с.с.) ауытқулардың шегарасы қамтитын сөздер де аздығына байланысты компьютер жадына теріліп қойылуға болады.

II тараудан IX тарауға дейінгі жоғарыда таптастырылған ережелерді ортақ атау - орфографиялық ережелер - деген топқа жинақтауға болады. Өйткені мұнда қаралатын ережелер негізінен жеке сөздердің, жеке сөз таптарының, сөз тұлғалары мен құрамдарының емлесін көрсетеді. Дұрыс жазу, емле ережесінің қажеттігі, АТ мен ЖТ-ның айырмашылығы деген мәселелер осы тұсқа келгенде шығады. Қазақ тілінің негізгі емле ұстанымы морфологиялық принцип деген қағиданың дәлелі де осы II-У тарау (түбір сөздердің жазылуы, бөлек жазылатын, бірге жазылатын сөздер, қос сөздердің жазылуы) аралығынан табылады. Өйткені мұнда сөз тіркесі, күрделі атау, күрделі сын есім, сан есім, етістік, біріккен сөз, қос сөз сыңарлары айтылуы бойынша емес, түбірін сақтап бөлек, не бірге, не дефис арқылы жазылатыны, орыс тілі арқылы енген термин сөздердің түбір тұлғасы өзгертілмей

таңбаланатыны, араб-парсы сөздерінің қазақша дыбысталуы бойынша жазылатыны қамтылған. Қай сөз таптарының емлесі қиындық тудыратынын ережеде оларға берілген параграф саны мен көлемі және ескертулері арқылы білуге болады.

Ал VI тарау ережелері (қосымшалардың жазылуы) (§34- §36) тілдің үйлесім, үндесім заңдылығына (бұны жазудың сингармониялық немесе фонетикалық принципі деуге болады) негізделіп жасалған, яғни таңбаланған әріптер қазақ тілі ауызша айтылым нормасының фонетикалық заңдарына бағынады: түбірдің соңғы буынына қарай қосымша не жуан, не жіңішке жалғанады, сөздің соңғы дауыссызына қарай қосымша да қатаң, ұяң, үндіден басталып қосылады. §37, §38, §40-тар өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін қазақ емлесіндегі морфологиялық принциптің негізгілігіне «нұқсан келтірген» *қ, к, п* дыбыстарының ұяңдап, айтылуынша жазылатыны туралы ережелерді қамтиды. Н.Уәлиұлы бұл орфограммаларды фонеманың негізгі реңкі таңбаланатын фонематикалық принцип мысалдары деп табады. Ғалым аталған дыбыстардың бірыңғай ұяңдай бермей, *сапы (әскер сапында), қазақы, қалмақы* сияқты сөздерде түбір тұлғасы сақталып, отыратынына назар аударып және осы *§*-тағы *ы, і*-лердің бірде түсіріліп, бірде түсірілмей, түбір тұлғасы сақталып отыратынына назар аударып, қазақ жазуында морфонологиялық құбылыстар таңбаланады деп айқындайды. Негізі бұл орфограмманың кодификациялануы 1924 ж. Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының I съезінде қаланып еді. Е.Омаров *қан, доп* сөздеріндегі [п] дыбысының асылы (фонемасы) <б> болғанмен, «дыбыс жүйесінше де, жеңілдік үшін де» *п* таңбалаған дұрыс дейді. Бұл орайда [п], [к], [к] дыбыстарының ұяңдану деңгейі бір, тек *қ-ғ, к-г* өзгеруі даусыз таңбаланғаннан кейін, *п-б* өзгерісі де белгілену керек деді ғалым. Сондай-ақ Е.Омаров *болып, барып, добы, табы* деген сөздердегі *п, б* әріптері қосымша құрамында келеді, ал қазақ жазуында қосымшалар тілдің дыбыстық құрамына сай, фонетикалық принциппен жазылатыны белгілі деген дәлел айтады.

Сонымен, ҚТОНЕ-ні сипаттауымыздың негізі, жоғарыда ескерткендей, ережелер қазақ тілінің өз дыбыстық табиғатын таныта ма, қазақ тілінің негізгі фонетикалық заңынан немесе заңдылығынан шыға ма деген сұрауларға жауап іздеу болатын. ҚТОНЕ-ң негізгі жобасы 1953 ж. жасақталып, 1957 ж. орыс тілі емле ережелерінен кейін, бір жыл өткен соң бекітілгенін ескерсек, ҚТОНЕ-ні орыс тілінің әсерінен сырт қалды деуге келмейді. Оған екі емле ережелерінің тарау аттарын салыстыра отырып та көз жеткізуге болады. Ал араб жазуында да, төте жазуда да ортақ емле ережелері болмағанын ескерсек, овда бөгде тілдің ықпалынсыз құрастырылған 1929 ж. латын графикасына негізделген әліпбимен бірге қабылданған емле ережесі қазақ тілінің табиғатына бір қадам жақын болды. А.Атбаев, А.Байділдин, Н.Вундцетель, О.Джандосов, Қ.Жұбанов, І.Қабылов, Е.Омаров, Е.Полива, Л.В.Зиндердің айтуынша, орфография ережелері фонемалар тізбегі қалай беріле алуы мүмкін дегенді емес, қалай берілуге тиісті деген мәселені қарастырады. «Иныгми словами, правила орфография

указывает, какая из возможных с точки зрения графики передача звуковой стороны должна быть избрана для данной единицы, чтобы ее написание отвечало требованию нормы». Орфографияны юдификациялау көптеген тілдер үшін жергілікгі ерекшеліктердің жоғары деңгейінде, ұлттық тілдің, ортақ айтылым нормасының жоқ кезінде қалыптаса бастады. Сондықтан өте қиын болғаны белгілі.

Емле ережелерін көптің талқысына салудың көп жағдайда нәтижеге жеткізе бермейтінін тәжірибе көрсетіп отыр. «Широкое обсуждение проектов реформы, как показало не только не может принести никакой пользы, но наоборот, глубоко вредно для дела и тормозит или даже парализует все мероприятия, намечаемые авторитетными органами».

Л.В.Щерба емле ережелері ортақ мәселелерді ғана қамтитынын айтады. «Орфографиялық фежелер өз бегімен оқитын пән болмау керек, ол тек жалпыланған, ортақ нәрселерді қамту керек, ал оқушылар жеке тұстарын осыған қарап өздері аңғару керек». Яғни ереже құзырына емленің барлық қалтарыстары кіре бермейтіні сондықтан. «Недостаток большинства современных орфографии заключается не в их трудности, а в том, что они зачастую включает бессмысленные правила».

Орфографияға қатысты соңғы зерттеулер емле ережелерін прагматикалық тұрғыда қарастыратын бағыт ала бастады. Мысалы, емле ережелерінде бас әріп - өзім, кіші әріп - өзге деген коннотациялық мағына болатыны туралы, аз таңбаның көп ақпаратты сидыру қабілеті туралы жұмыстар бар.

3. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне енгізілген өзгерістердің фонологиялық, семантикалық сипаты. «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» (1957 ж.) 52§-ы дыбыстық тілдің таңбалану нормасын қамтыды. Еріндік дауыстылардың және *ә* әрпінің бірінші буыннан артық таңбаланбауы, ертеде еніп қалыптасып кеткен кірме сөздердің өзгеріп жазылуы, *у, и, я, ю* таңбаларының емлесі, *н, х* әріптерінің жазылуы, кірме сөздерге қазақ тілінің қосымша жалғану нормасы сол алғашқы ҚТОНЕ-нде кодификацияланып үлгерді. Осы ережемен қазақ тілі орфографиялық сөздігінің академиялық түрі 1963 ж., 1978 ж. басылып шықты.

Бірақ жылдар өтіп, халық сауаты артқан сайын, әркім калауынша емес, ортақ ереже-нормаға сүйеніп жазу дағдыға айналғаннан кейін ҚТОНЕ-нің түзетілу, толықтырылу қажеіттігі шыға бастады. Ең бірінші, БС-ның емлесі, проф. Р.Сыздық айтқандай, «қиындық ереженің өзі емес, сол ережеге бағынатын біріккен сөз категориясын ажырату» мәселесі қайта қарауды тудырды. Емле ережесі мен сөздігі бөлек таңбалаған сөздерді жұртшылық бірге жазып жүрді, ғалымдар мен оқытушылар тарапынан сөздер емлесінің ала-құлалығы наразылық тудырды. *Бал қаймақ, көк бауыр, ит аяқ, қара торғай, аяқ құр, иіс су* сияқты сөздерді біріктіріп жазу ұсынылды. Сөз басындағы *р, л* әріптерінің алдынан қысаң езуліктерді таңбалау орын алды. Вариант сөздерді, баламасы бар кірме сөздерді, диалект сөздерді нормалаудағы орфографиялық сөздіктің кемшілігі, термин сөздердің орыс тіліндегі

жұрнағын қазақ тіліндегі жұрнақпен алмастырып жазу қажеттілігі жиі сөз бола бастады. Сондай-ақ, екі сөзден тұратын кісі есімдері түбір тұлғасын сақтап емес, естілуінше сындырылып жазу орфограммасы қайта көтерілді. Сонымен қатар, кезінде профессор М.Балақаев пен профессор С.Аманжоловтың *рк, нк, нкт, ог, уг* аяқталатын орыс сөздеріне қосымшаның жуан (С.Аманжолов), жіңішке (М.Балақаев) болып жалғанады деген пікірталасының дұрыс шешім таппағанына байланысты бірі мәселені қайта қарау күн тәртібіне қойылды. *Дау-ыс, құй-ын* деп тасымалдаудың қателігі көрінді. Емле сөздігінде басы артық орыс сөздерінің, жасанды сөздердің берілуі сынға алынды. Сондай-ақ әрпін екінші буынға да жазу дағдысы қалыптасып кетті.

Сөйтіп, 1983 ж. Қаз. ССР Жоғары Кеңесі Президиумының 25 тамыздағы Жарлығымен ҚТОНЕ-не толықтыру енгізілді. Ондағы өзгерістер мынадай болды: біріккен сөздердің емлесі кеңейтіліп, үш ереже қосылды. Бұрын «ғылымның әр алуан саласындағы терминдік мәнге ие болып қалыптасқан атаулар және басқа сөздер де бастапқы тұлғалары сақталып, дағды бойынша бірге жазылады» деген.

1. Олар ғылым салаларында терминдік мәнге ие болған атаулар; екі түбірден құралған аң-күс, жан-жануар, құрт- құмырсқа, өсімдік атаулары; техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдени өнер, спорт сияқты салаларға қатысты зат, құрал- жабдық ұғым атаулары мен мемлекеттік кәсіп, қызмет иелерінің аттары; екінші сыңары - *аралық, тану*, бірінші сыңары *авиа, авто, фото, электр, изо, ультра* сияқты сөздер болып келген күрделі тұлғаларға ажыратыла берілді.

2. Екінші сыңары қ, к дыбыстарынан басталатын біріккен кісі есімдері естілуінше жазылды (*Амангелді*). Кісі аттары екі дауыссыз дыбыстан басталмайды деген ескерту берілді: *Ысқақ (Сқақ емес)*.

3. Соңғы дыбысы *рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, брь, бль және ог, уг* болып келетін орыс тілінен енген сөздерге қазақ тіліндегі қосымшалар жіңішке түрде жалғанатыны туралы жеке § енгізілді.

4. *ов, ев-ке* аяқталатын фамилияларға қосымшалар соңғы буын жуан, жіңішкелігіне қарай жалғануы туралы ереже қосылды.

5. *Да-уыс, құй-ын* болып тасымалданатын болды.

6. Ә әрпінің емлесіне қатысты § редакцияланды.

Сөйтіп, емлеге енген өзгерістер, негізінен, жазуды АТ-ға жақындата түсу жағына қатысты болды. 1988 ж. ҚТОС ІІІ басылымы осы түзетулерді басшылыққа ала отырып, алдыңғы сөздіктерге қарағанда біршама жүйеленген, нормаланған, кодификацияланған орфограмма берді. Әсіресе бірігіп жазылатын сөздердің емлесі, оның ішінде *аралық, тану, құмар* сыңарымен және *ағаш, бақа, балық, бүлдірген, гүл, жапырақ, жеміс, жидек, қат, құрай, томар, шешек* сынды ортақ денотативтермен келетін сөздердің жазылуы тұрақталынды. Жіңішке дауыссызға аяқталатын кірме сөздер тәуелдік жалғауын тек жіңішке түрде қабылдайтыны белгіленді. ҚТОНЕ-ге енгізілген осындай толықтырулар мен оны басшылыққа алған емле сөздігі қазақ жазуының қалыптасуына, сөйтіп, маңызды үлес қосты.

Алайда ЖТ коммуникациясының доминанттық сипаты емле мәселесіне жұртшылық назарын қайта-қайта аударды. Жазу тәжірибесіне ден қойған сайын, емле ережесі көпшіліктің жазу орфограммаларын жүйелеп, бекітіп отыруға айналды. Орфография қанша кодификацияланды дегеннің өзінде емленің 40-жылдардағы проблемалары (бірге, бөлек жазылатын сөздердің емлесі, бас әріп қолданылуы, қысаң езуліктердің таңбалануы, *ә, х, н* әріптерінің емлесі) күн тәртібінен түспеді. Емле ережесі мен сөздігі жарық көргеннен кейін *он бір, ат салысу, көңіл қою, қол қою, тиек ету* сияқты күрделі сан есім, идиомалық тіркестерді көпшілік бірге жазып және оны баспасөз редакциясы категе санамайтынды шығарды. Тілші ғалымдардың өздері мұндай сөздердің бірге заңдастарылуын сұрайды: үш сөзден тұратын ұғымдық атаудың алдыңғы екі сыңарын біріктіру қажеттілігін айтады (Алдашев Н.). Проф. Б.Қалиев *майқарағай, иткөйлек, тастемір, жанқалта, төсқалта, алғысөз, қайынене, қайынбике, қайынсіңлі, ауызомыртқа, беломыртқа, мойыномыртқа, беторамал, қолорамал, серекқулақ, субүркіт, суқұзғын, тотықұс, қызылбұрыш, саралақаз* сөздерінің уәжсіз бөлек жазылып жүргенін көрсетеді. Сондай-ақ автор үндесім заңына қайшы орфограммаларды реттеу (*кітап, қазір, мейірбан, қадірмен, қабілет, қазылез*) қажеттілігін; *ю, я* әріптерінің қызметі толық пайдаланбай жүргенін (*аю-айуан*), БС-ны кіріктіріп жазудың бірізді еместігін (*жарғанат, жарқабақ, қымғуыт, ала-құла*), қысандардың емлесін жүйелеу керектігін (*мақұлық, марқұм, бірақ мақлұқат*) көтереді. Ал проф С.Мырзабек *б* әрпінің *араб, баб, д* әрпінің *жад, абжад, ф* әрпінің *фәни, саф, мүфти, халифа, тіфу* сөздерінде жазылуының себебі жоқ, *ә* әрпінен басталатын сөздер *а, е* әріптерінен ғана қалады, сондықтан *дүбәрә, мүкәммәл, кітәп, кәзір, қабыр, қадым* деп заңдастырылу керек дейді. Сөз басындағы *л, р* үнділерінің алдынан қысандарды жазуды жөн көреді. Фонетикалық принциппен жазу толық жүру керек дейді (*бүгүн, Қазғыстан, Өзбегістан*).

Сонымен, ҚТОНЕ-ге түзетулер енгізу қажеттігі көрінеді. 2000 жылдың қараша айында ҚТОНЕ-ге профессор Р.Сыздықтың редакторлығымен төмендегідей өзгертулер енді: 1) бірге жазылатын аң-құс терминдік атаулардың шегарасы кеңейді; 2) үш сөзден тұратын, ал алдыңғы екі сыңары предикаттық қатынастағы сөздер біріктірілді (*алыпқаиша сөз, қағазбасты адам, баукесне ұры*); 3) екінші буында *ә* жазылатын сөздерге қосымша да жіңішке жалғанатын болды, тек барыс жалғауы мен *-ла, -ле* қосымшасының жуан болатыны ескергілді; 4) қысаң езуліктер тәуелдік жалғауы жалғанғанда түсіріліп *те, түсірілмей* де жазу еркі қосылды; 5) БС-ның кірігу шегарасы кеңейтілді: *шегара, қыргүйек, көгөніс, көгет, сап- таяц, алауыздық, босағаттар, сарағаш, қарғауыз* сөздері «сындырылып» жазылды; 6) «қазақыланған» орыс сөздерінің саны көбейді: *келі (кило), зауыт, пайыз, газет, минут, тауар, пошта*; 7) *-лық* жұрнағымен келетін терминдік мәндегі сөздер қосылып жазылды: *жалпақшешейлік, аққандылық, жалпыэкономикалық*; 8) *баб-бап, бархан-барқан* орфограммаларының соңғысы кодификацияланды. Осы түзетулердің негізінде 2001ж. ҚТОС-тың IV басылымы жарық көрді. Біршама нормаланған деген соңғы сөздіктен

кейін де қазақ тілі үндесім құбылысын сақтап жазу (*дәрия, әсиә, сыйдию*), *ат қора, жел дйірмен* сияқты бір зат атауларын бірге жазуды қалыптандыру керек деген пікірлер сақталды (Шүкірұлы С.). Соңғы түзету бойынша бірге жазылған аң-күс, өсімдік атауларына сын айтылды. Осындай бірлі-жарым сын-ескертпелер болмаса, негізінен ҚТОНЕ және оған сүйеніп түзілген ҚТОС бүгінде қазақ ЖТ-ның жүйеленген, нормаланған, қалыптанған тіл екенін көрсетеді. ҚТОНЕ-ге енгізілген толықтырулар ЖТ нормасына қойылатын ортақ принциптерден туындайды: «Теоретическое решение проблем орфографии должно вытекать из требований, предъявляемых к ней общественной языковой практикой, и, прежде всего из требования обеспечить легкость, удобство, простоту и стандартность написания и чтения. Не подлежат сомнению, что в вопросе орфографии необходимо считаться с традицией, и в частности принимать во внимание интерес полиграфии, избегать любых орфографических новшеств, если последние заметно усложняют общественное использование». Сондай-ақ емле кемшілігін жария қылып, сынаудың дұрыс еместігін және «И чем меньше знаком человек с теорией письма, тем большей напористою отстаивает он свои «деловые предложения» об улучшений орфографии» деген қағдаларды ескерсек, дәстүрлі жазу мен бекітілген ережелерді өзгерте берудің дұрыс еместігін байқаймыз.

Бірақ, байқап отырсақ, емле ережелеріне айтылған сын-пікірлер де, ҚТОНЕ-ге енгізілген түзетулер мен толықтырулар да алғашқы 1929 ж. латын жазуы ережесінде де, 1940 ж. қазіргі графика ережесінде де айтылып, тек қабылданбай қалған тұстар екенін көреміз. Мысалы, 1948 ж. мектеп оқушыларына арналған «Емле сөздігінде» проф. М.Балақаев *қайната, қайынбике, қайынсіңлі, жалақы, қарамай, қарамал, қарагер, қаракөк, ақсұр, ііікіім, баскиім, жалаңбас, ақкөңіл, өркөкірек, есерсоқ, ашықауыз* деген сияқты сөздерді бірге, *қайнаға, тоғйішек, сардала, жарғанат, қолғабыс* сөздерін фонетикалық принципке бағындырып таңбалаған. Сондай-ақ сөздікте *я* әрпі [иа], [иә] және [ә] дыбыстарын, *ю* әрпі [йүү], [йүү] және [у'] дыбысын береді. *Ә* әрпі тек бас буында жазылады: *күман, күна. ы, і* әрпі естілген жердің бәрінде жазылады. Термин сөздердің соңы *к* болып, оған дауыстыдан басталған қосымша жалғанса *к* г-ге айналады: *гудок-гудогі, токтогі*. Және, жоғарыда айтып өткендей, *ог, уг, кт* тіркестеріне аяқталған кірме сөздерге жіңішке қосымша жалғану, кісі есімдерінің, кейбір БС сыңарларының кірігіп жазылу керектігі ұсынылған (Балақаев М.). Кірме сөздерді үндесім заңына бағындырып жазу (Е.Омаров, Т.Шонанұлы). Кірме сөздердің тек негізін алып, жұрнағын қазақ тілінде жалғау (Қ.Жұбанов), сөз аяғында *б, д, г* келетін кірме сөздерді *п, т, н* әріптерімен жазу (Е.Омаров), сөзді бірыңғай жуан, *н, х* әріптерін *қ* әрпімен алмастырып жазу мәселелері 30-40 жж. айтылып, экстралингвистикалық, лингвистикалық себептерге байланысты қалыс қалған тұстар.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. 1940-1960 жж қазақ тілі емле ережелеріне қатысты қандай ұсыныстар болды?
2. Қазіргі қазақ орфографиясы негізгі принципі қандай?
3. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне қандай ережелер жатады?
4. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне қандай өзгерістер енгізілді?
5. ҚТОНЕ-не не себепті өзгерістер енгізілді?